**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына 2002-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын мақұлдау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 шілде N 750

2001 жылғы 24 шілдеде Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шарттың U020753_ ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз

Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына 2002-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 9 шілдедегі
N 750 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына 2002-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

---------------------------------------------------------------------------
Р/с!           Іс-шаралар          !  Орындау  !  Орындаушылар
N !                                !  мерзімі  !
---------------------------------------------------------------------------
1.      Мыналар жөнінде ұсыныстар
        дайындау:
1.1.    Мына салада қаржы жүйелерінің
        өзара іс-қимылы және ұлттық

| | | | |
|---|---|---|---|
| | заңнамаларды үйлестіру: | | |
| 1.1.1. | Валюталық реттеу және қаржы, несие мекемелерінің қызметін реттеу | 2002-2005 жылдар | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| 1.1.2. | Бағалы қағаздар рыногын реттеу | 2002-2005 жылдар | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| 1.2. | Шетел инвестицияларын тартуға жәрдемдесу жөнінде аймақтық ақпарат желісін құру бағдарламасын әзірлеу | 2002-2005 жылдар | Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті |
| 1.3. | Бірлескен инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру | 2002-2005 жылдар | Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (шақыру), Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 1.3.1. | Тікелей инвестицияларды тиімді тарту, сондай-ақ инвестициялық заңнама бойынша мейлінше толық ақпарат алу мақсатында Қырғыз Республикасында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің және Қазақстан Республикасында Қырғыз Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару және тікелей | 2002-2005 жылдар | Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | инвестициялар тарту жөніндегі мемкомитетінің өкілдіктерін құру | | |
| 1.4. | Бірлескен инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру | 2002-2005 жылдар | Білім және ғылым министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Экономика және сауда министрлігі |
| 1.5. | Тауарлар, қызметтер көрсету және еңбек рыноктарының жай-күйі туралы ақпарат алмасу | 2002-2003 жылдар | Экономика және сауда министрлігі (шақыру), Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық банк (келісім бойынша), Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Статистика жөніндегі агенттік, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік, "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша), Көлік және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | коммуникациялар министрлігі, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 1.6. | Бағаларды (тарифтерді) мемлекетішілік реттеу жүзеге асырылатын өнімдер (қызметтер көрсету) тізбесі бойынша өзара ақпарат алмасу | 2002-2005 жылдар | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 1.7. | Шағын бизнес саласындағы ынтымақтастық. Экономиканың әртүрлі салаларында бірлескен кәсіпорындар құру. Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер жөнінде өзара ақпарат алмасу және кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік және қоғамдық құрылымдары жүргізетін жұмыс туралы мәліметтер алмасу | 2002-2005 жылдар | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері (келісім бойынша) |
| 1.8. | Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету, шама бірліктерінің бастапқы эталондарын салыстыру және (немесе) тексеру саласында жұмыстар жүргізу | 2002-2005 жылдар | Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті |

2. Халықаралық шарттардың жобаларын дайындау:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.1. | Заңсыз көші-қонға қарсы күрес туралы келісім | 2002 жыл | Ішкі істер министрлігі, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 2.2. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбек қызметі және еңбекші-көшіп келушілерді әлеуметтік қорғау туралы келісім | 2002 жыл | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (шақыру), Көші-қон және демография жөніндегі агенттік |
| 3. | Экономиканың жекелеген салаларындағы ынтымақтастық | | |
| 3.1. | Химия өнеркәсібі саласында: | | |
| 3.1.1. | Қырғыз Республикасына минералдық тыңайтқыштар, резеңке техникалық бұйымдар (көлік таспалары, текстроп белдіктері, резеңке маталы қысымдық жеңдер, автотрактор техникасы үшін пневматикалық шиналар және басқалары) | 2002-2003 жылдар | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 3.2. | Көлік және коммуникациялар саласында: | | |
| 3.2.1. | Тең негізде екі мемлекеттің аумақтары бойынша үшінші бір елге/ден транзиттік жүруге және тасымалдауға арналған рұқсат бланкілерімен алмасу | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 3.2.2. | Мына ұйымдар үшін байланыс инфрақұрылымын одан әрі кеңейту: | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Телефон арналары; Сандық теледидар және радиохабарын тарату деректерін беру; Бейне конференциялар; Қашықтықтан оқыту | | "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша), "Қазақтелерадио" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.2.3. | Құрылған ТАЕ халықаралық талшықты-оптикалық байланыс желісін өзара қолайлы және тиімді пайдалануды қолдау шаралары жүйесін құру | 2002-2003 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.2.4. | Байланыс ұйымдастыру үшін, сондай-ақ ТАЕ жүйесін резервке алу үшін республикалар арасында қазіргі бар және жоспарланған радиорелелік байланыс желілерін пайдалану | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.2.5. | Таяу және алыс шет елдерге транзит өткізу үшін өзара қолайлы негізде сандық байланыс арналарын пайдалану | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.2.6. | Спутниктік байланыс жүйелерін бірлесіп пайдалану | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.3. | Қырғыз жотасының Қазақстанмен шекаралас бөлігі (Қырғыз жотасының батыс бөлігінің геологиясы және металлогениясы) шегінде геологиялық зерттеулер Мақпал тау жынысы қыртысының алмас кені және тау кені шикізаты объектілері (абразивтер, жылу және электр өткізбейтін материалдар) перспективаларын зерделеуді жүргізу | 2002-2005 жылдар | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.4. | Ачикташ (қоры 8,6 млн. тонна күкірт кенімен), Мақпал (зергерлік гранат, мусковит - техникалық мақсаттар үшін) кен орындарын, Қырғыз жотасының және Ичкелетау тауларының оңтүстік бөктерлерін (гранит, мәрмәр) игерудегі ынтымақтастық | 2002-2005 жылдар | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 3.5. | Өсу кезеңінде Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтары ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мұқтаждары үшін суармамен қамтамасыз ету мәселелерін бірлесіп шешу | 2002-2005 жылдар | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3.5.1. | Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық пайдаланылатын су шаруашылығы құрылғыларының қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін гидротехникалық объектілердің жұмыс режимін белгілеу және пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге қажетті шығындар көлемдерін айқындау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құру | 2002 жыл | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жамбыл облысының әкімдігі |
| 3.5.2. | Халықаралық су-энергетикалық консорциум (ХСЭК) құру | 2003-2004 жылдар | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (шақыру), Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 3.6. | Қазақстан Республикасының | 2002-2003 | Энергетика және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұлттық электр желісі бойынша қырғыз электр энергиясын беру ақысы мәселесін бірлесіп шешу | жылдар | минералдық ресурстар министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, "KEGOC" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.7. | Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталары одағы мен Қырғыз Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы арасында кәсіпкерлік үшін ақпарат алмасу және әріптестер іздестіру жөнінде ынтымақтастықты жандандыру | 2002-2005 жылдар | Сауда-өнеркәсіп палаталары одағы (келісім бойынша) |
| 3.8. | Почта жөнелтімдерінің өту рәсімін жеделдету және оңайлату жөнінде бірлескен іс-шаралар әзірлеу, почта жөнелтімдерінің сақталуын қамтамасыз ету | 2002-2005 жылдар | Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазпочта" ААҚ (келісім бойынша) |
| 3.9. | Өзара қолайлы жағдайларда бәсекеге қабілетті тауарлар, өнімдер өндіру бойынша жаңа технологиялар әзірлеу және пайдалану, ғылыми-зерттеу мекемелері мен мүдделі құрылымдар арасында байланыстар орнату және дамыту | 2002-2003 жылдар | Білім және ғылым министрлігі |
| 3.10. | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін "БМЗ" акционерлік қоғамында және "БШЗ" мемлекеттік кәсіпорнында өндірілген арнайы бұйымдар сатып алу (алу) жөніндегі мүмкіндіктерді зерделеу | 2002-2005 жылдар | Қорғаныс министрлігі |
| 3.11. | Мына объектілерге меншік | 2002-2003 | Қаржы министрлігінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құқықтарын реттеу:<br>1) Қырғыз Республикасының Ыстық көл көлінде орналасқан:<br>"Қазақстан автомобилшісі" демалыс үйі" мемлекеттік кәсіпорны, Қорумду селосы;<br>Қазақ ұлттық ғылым академиясының "Самал" демалыс үйі, Бостери селосы;<br>Қазақ мемуниверситетінің спорттық сауықтыру қосыны, Бостери селосы;<br>"Курулусты" пансионаты, "Дружба-Достук" акционерлік қоғамы, Бостери селосы;<br>Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медицина орталығының Ыстық көл көлдегі (Бостери селосы) "Қазақстан" санаторийі;<br>2) Екі елдің аумағындағы "Қырғызстан Ұлттық электр желісі" ашық акционерлік қоғамы (кернеуі 35-500 кВ электр беру әуе желілері) | жылдар | Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Сыртқы істер министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Президенттің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 4. | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық | | |
| 4.1. | Қоршаған ортаны қорғау саласында нормативтік-әдістемелік құжаттама жүйесін құру және қабылдау (техникалық экологиялық санитарлық-гигиеналық және өзге стандарттар, нормативтер және ережелер) | 2002-2004 жылдар | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бақылау аймақтық жүйесін талқылау және әзірлеу, көші-қон туралы ақпарат деректерінің біртұтас банкін қалыптастыру жөнінде консультативтік кездесулер өткізу | жылдар | министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік |
| 5.4. | Екі елдің аумағына тарату үшін мерзімді баспасөзге халық сұранысын қанағаттандыру жөніндегі өзара іс-қимылдарды одан әрі кеңейту | 2002-2005 жылдар | "Қазпочта" ААҚ (келісім бойынша) |

------------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Жұманазарова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК